– Үйлестіруші органдар (аудандық / қалалық және психологиялық қолдау орталықтары) үшін білім беру ұйымдарындағы (аудан/қала/облыс бөлінісінде) психологиялық қызметтер қызметінің ашықтығына;

– Педагог-психологтарды, әлеуметтік педагогтарды, сынып жетекшілерін және директорлардың тәрбие жөніндегі орынбасарларын қоса алғанда, білім беру мекемелерінің барлық тәрбие блогының жұмыс процестерін автоматтандыруға;

– Оқушының, сыныптың немесе мектептің әлеуметтік портретін қалыптастыру процесін автоматтандыруға;

– Цифрлық кәсіптік бағдар беру науқанын жүргізуге.

ППМАЖ жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Жүйе мектеп, аудан, облыс бойынша жүйелі талдау жүргізеді. Тестілеу нәтижелері мен мамандардың жұмыс журналдары:

– қалалардың/аудандардың білім бөлімдері;
– балалар мен жасөспірімдерді психологиялық қолдау орталықтары;
– облыстық білім басқармалары,
– Республика деңгейлерінде жинақталады

ППМАЖ ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын заңнаманың талаптарына сәйкес келеді (сынақ актісі № kz87vqq00052897 02.03.2022).

ҚР сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету тізіліміне енгізілген (19.04.2024 жылғы № Kz58vrl00026809 хабарлама).

ҚР реттеуші талаптарына сәйкес келеді. Тәулік бойы инфрақұрылымды бақылауға және киберқауіптерге төзімділікті арттыру қызметіне қосылған.

Директор **Мұқашев М.Қ.**

Мемлекеттік сатып алулардың менеджері **Тулегенова З.Х.**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 62 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 62»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 41
010000, тел.: 8 (7172) 50-15-28

город Астана, ул. Мәскеу, 41
010000 тел:8 (7172) 50-15-28

30.01.2025 г.

Мемлекеттік сатып алу бойынша психологиялық қызметтің жұмысын сүйемелдеу үшін электрондық автоматтандырылған жүйеге қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтерді сатып алу бойынша өнім берушіні таңдаудың негіздемесі

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а. 2022 жылғы 25.08. № 377 п. бұйрығымен регламенттелетін психологиялық қызметтердің жұмысын автоматтандыру және жүйелеу. Әр бала мен жасөспірімнің психоэмоционалды дамуының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету.

Нақты орындаушыны таңдау себептері: 2021 жылдан бастап республика мектептерінде «HR+» психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі - ППМАЖ) енгізіліп, жұмыс істейді. Жүйенің мақсаты мектептің психологиялық және тәрбие қызметтерінің жұмысын оңтайландыру, жүйелеу және тиімділігін арттыру болып табылады. Алайда, бұл мақсатқа жету жосықсыз жеткізушілердің әрекеттеріне байланысты қиындық туындауда. Осы қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату әдісімен сатып алу кезінде көрсетілген техникалық ерекшелік бойынша қызмет көрсете алмайтын қызмет көрсетушілер мәлімделеді. Нәтижесінде қызмет көрсетілмейді, сот шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп танылады.

ППМАЖ авторлық құқық объектісі болып табылатынына және «авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6 Заңына сәйкес авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге мемлекеттік тізіміне енгізілгеніне және авторлық құқықпен қорғалатын туралы куәліктері бар екеніне назарларыңызды аударамыз. АСППМ жүйесінің Мемлекеттік реестрге енгізілгені туралы № 3270 куәлігі 2019 жылдың 14 мамырында, ал №14606 куәлігі 2021 жылдың 22 қаңтарында берілген.

ППМАЖ бірегей және әр бала мен жасөспірімнің психоэмоционалды дамуын үздіксіз бақылауды қамтамасыз ете алатын аналогтары жоқ. Ол үшін жүйеде оқушының психологиялық дамуының жеке картасы бар. Мәселелер туындаған кезде мектеп әкімшілігі хабардар етіледі. Деректер электронды түрде сақталады және кадрлардың ауысуына немесе баланың бір оқу орнынан екіншісіне ауысуына тәуелді емес.

ППМАЖ бағытталған:

– Психологиялық диагностика жүргізуге, оны өңдеуге, білім алушылармен жұмыста түсіндіруге және талдауға қажетті уақытты қысқартуға;

– Нәтижелерді біріктіру және білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтері жұмысының негізгі бағыттарын бірыңғай базаға жүйелеуге;

– Алынған және пайдаланылатын материалдардың құпиялылығын сақтауға;